

Алға ауданы аумағында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 63 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 қаңтарда № 3495 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 130 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 24.12.2013 № 130 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджет Кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес Алға аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін :

1) он алты жасқа дейінгі мүгедек балалары бар отбасыларға және бала жасынан, жалпы аурудан I, II, III топтағы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларға, жарақат алған, не болмаса әскери борышын орындауға байланысты емес аурулардан әскери қызметшілер қатарынан мүгедектерге ай сайын 3000 (үш мың) теңге мөлшерінде;

2) кәмелеттік жасқа толмаған (18 жасқа дейінгі) балаларына атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларына Халықаралық балаларды қорғау күніне біржолғы 20000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

3) ең төменгі және ең төменгі зейнетақыдан да төмен мемлекеттік базалық төлемдерді қоса есептегенде зейнетақы алушыларға, облыстық дәрежедегі зейнеткерлерге Халықаралық қарттар күніне бір жолғы 10000 (он мың) теңге мөлшерінде ;

4) ұзақ мерзімді емдеуде жатқан, онкологиялық аурулармен және туберкулезбен ауыратын азаматтарға бір жолғы 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

2. Әлеуметтік көмек ақшалай түрде аудандық бюджет қаражаты есебінен алушылардың жеке есеп шотына аудару жолымен көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмек төлем алушылар толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болған кезде тоқтатылады .

4. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 8 «Халықтың әлеуметтік әлжуаз санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-73 тіркелген, аудандық «Жұлдыз-Звезда» газетінің 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 18 санында жарияланған) және 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 7 «Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 8 «Халықтың әлеуметтік әлжуаз санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-118 тіркелген, аудандық «Жұлдыз-Звезда» газетінің 2011 жылғы 1 ақпандағы № 6-7 санында жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күн тізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы
Г. Джармухамбетова

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
А. Кайрушев